





Адамның пайда болуы

Жаратушылық теориясы	• Құдай жаратқан
Сыртқы себептердің ықпалы туралы теория	• Гуманоидтер
Эволюциялық теория	• Чарлз Дарвин көзқарасы

Қазақстан жерінде алғашқы адам іздерін 1958 жылы археолог Алпысбаев Жамбыл облысы Қаратау маңынан Арыстанды өзені бойынан тапқан. Ол адам жасы 1 млн жыл алдын өмір сүрген.

Топта алғашқы адамдардың пайда болуы туралы теорияның біреуін зерттеп, зерттеу нәтижелерінен жоба (постер) әзірлеңіздер.

***1-тапсырма**

«Маймылдардың барлық түрлері басқа жануарларға қарағанда адамға көбірек ұқсас». Плиний-әкесі, римдік оқымысты

Неандертальдықтар (Германиядағы Неандер алқабының атауынан шыққан) – қазып алынған ежелгі адамдар, тіршілік еткен уақыттары осыдан 200–35 мың жыл бұрын. Неандертальдықтардың қаңқа қалдықтары көбіне Еуропада, сондай-ақ, Азия мен Африкада ашылған.


Кроманьондықтар – Еуропа мен одан тысқары жерлердегі қазіргі адамдардың 40 – 10 мың жыл бұрын өмір сүрген өте ертедегі өкілдері. Олардың қалдықтары Францияның Кроманьон шатқалынан, сондай-ақ, Ресейден, Украинадан, Африкадан табылған.

Синантроп – «қытай адамы», қазып алынған ежелгі адамдар өкілі. Қаңқа қалдықтары алғаш Пекин маңындағы Коцетанг үңгірінен табылған. Бұл қалдықтардың жасы-шамамен, 400 мың жыл.

1958 жылы Оңтүстік Қазақстанда, Жамбыл маңынан (Қаратау жотасы) археолог Х. А. Алпысбаев ежелгі тас дәуіріндегі алғашқы адамдар қоныстарының іздерін тапты. Жасы – шамамен, 1 млн жыл.

1891 – 1892 жылдары голландиялық ғалым-антрополог Э. Дюбуа Ява аралынан адам тәріздес маймыл мен адам ортасындағы аралық жасадайда болған тіршілік иелерінің қазып алынған қалдықтарын ашты, ал табылған түрді «питекантроп» – «тік жүретін адам» деп атады. Жасы – шамамен, 1 млн жыл.

1938 жылы А. П. Окладников Тесік-Тас үңгірінен (Оңтүстік Өзбекстан) 8 – 9 жасында өлген неандертальдық баланың қаңқасын тапты.



Австралопитектер – қазып алынған екі аяқты маймыл тектес адам, шамамен, 3 млн жыл бұрын өмір сүрген. «Епті адам» деп аталған осы қазып алынған тіршілік иесінің қалдықтары 1974 жылы Солтүстік-Шығыс Африкадан (Олдувай шатқалы, Кения) табылған.



ГОМИНИДТЕР

ПИТЕКАНТРОП

НЕАНДЕРТАЛЬДЫҚ

САНАЛЫ АДАМ

- Алғашқы адам «Епті адам» Африканың
- Кения жеріндегі Олдувай шатқалынан табылған. Ол шамамен осыдан 1 млн. 750 мың жыл бұрын өмір сүрген.
- «Тік жүретін адам» өкілдері
- Питекантроп 1891 жылы Ява аралынан табылған. Ол шамамен 1 млн. жыл бұрын өмір сүрген.
- Синантроп «Қытай адамы» бұдан 500-200 мың жыл бұрын өмір сүрген. Көне адамның тағы бір түрі Неандерталь.
- Ол Германия жерінен табылған.
- Неандертальдықтардың жер бетінде өмір сүру мерзімі 100-35 мың жыл бұрын болған.
- Неандертальдық баланың сүйегі Өзбекстандағы Тесіктас деген үңгірден де табылған.
- «Саналы адам» Алғаш рет Францияның Кро-Маньон үңгірінен

Гоминиттер	Адам тектес маймылдар					
Австралопитек (оңтүстік адам)	Хото хабилис Епті адам	Африка (Олдувай шатқалы)	1924 жыл	3 млн жыл бұрын өмір сүрген	Ерте палеолит	600-650 см ³
Питекантроп (Тік жүретін адам)	Хото эргостер әрекетшіл адам	Голландиялық ғалым Э.Дюбуа Ява аралында тапқан	1891 - 1892ж	1 млн жыл бұрын өмір сүрген	Ерте палеолит	1000см ³
Синантроп (Тік жүретін адам)	Хото эректус Тік жүретін адам	Қытай Пекин маңындағы Коцетанг үңгірі табылған	1927 ж	400 мың жыл бұрын өмір сүрген	Төменгі палеолит	963 см ³
Неандерталдық (саналы адам_)	Хомо эректус Неандерталес	Германиядағы Неандер алқабы	1848 жыл	200- 35 мың жыл бұрын өмір сүрген	Орта палеолит (мустье)	1400-1450 см ³
Кроманьондық	Саналы адам	Францияның Кро-Маньон шатқалынан табылған	1869 жыл	40- 10мың жыл бұрын өмір сүрген	Жоғарғы Палеолит	1300-1440 см ³
Қазіргі адам						



Australopithecus afarensis

Homo habilis

Homo erectus

Homo sapiens neanderthalensis

Homo sapiens sapiens

Дәуір атауы	Кезеңдері	Уақыты
Тас дәуірі (2 млн. 500 мың – 3 мыңжылдық)	1. Ежелгі тас (палеолит).	Б.з.б. 2 млн. 500 мыңж. – 12 мыңжылдық
	2. Орта тас (мезолит).	Б.з.б. 12 мыңж.– 5 мыңжылдық
	3. Жаңа тас (неолит).	Б.з.б. 5 мыңж. – 3 мыңжылдық
	Мыс– тас (энеолит)	Б.з.б. 3000–2800 жылдары
Қола дәуірі (б.з.б. 2800 – 900 ж.ж.)	1. Нұра кезеңі (ерте қола)	Б.з.б. 18–16 ғасырларда
	2. Атасу–Алакөл кезеңі (орта қола)	Б.з.б. 15–12 ғасырларда
	3. Беғазы–Дәндібай мәдениеті (кейінгі қола)	Б.з.б. 12–8 ғасырларда
Темір дәуірі	Ерте темір дәуірі	Б.з.б. 8–3 ғасырларда
	Кейінгі темір дәуірі	Б.з.б. 3 – б.з. 6 ғасырларда



Археологиялық кезеңге болу

Еңбек құралдары

Чоппер	Тасты жарып, бөлшектеп, жүзі өткірлерін пайдаланды.
Чоппинг	Домалақ малта тасты екі жағынан егеген, жүзі өткір, ирек ара секілді құрал.
монофас	Тасты бір жағынан соққылап сындырып қыр шығарылған құрал
Бифас	Екі жағынан өңделген қарапайым тас құрал
Ретушь	Бір қабат өңделген тас құралдың жүзін ұсақ керттік ойықтар жасау арқылы өңделген
Бумеранг	Имек ағаш сияқты аңға лақтыратын қару
Дротик	Ағаш найза
Гарпун	Ұшы сүйектен жасалған сүнгі
Болас	Аң аулауда пайдаланған жіпке байлаған домалақ тас
Микролит	Ұзындығы 1-2 см ұсақ тастардан жасалған құрал (құрамалы әдіс)

Әлеуметтік ұйым формалары

1. Тобыр - өзара қандас, туыстас жандардан құралған ұжым.

✓ Эндогамия - ұжымның ішінде некелік қатынастарға рұқсат беру ғұрпы

✓ Эгзогамия - туыстық адамдардан құралған ұжымның өз ішінде некелік қатынастарға тыйым салу ғұрпы.

2. Ру

✓ Аналық ру (матриархат) өзара қандас, аналары жағынан туысқан болып есептелетін адамдардың бірлестігі. (Соңғы палеолит)

✓ Аталық ру (Патриархалдық) әкенің билік қылатын кезеңі, баланың тегі әкеге қарап белгіленеді. (Энеолит)

3. Тайпа - қандас- туысқан белгілеріне және шаруашылық ортақтығына қарай біріккен бірнеше рулық қауымнан құралады.

Анимизм - жанның рухпен, қанмен байланысатын сезім

Тотемизм - адамдардың шығу тегін жануарлар байланысты деп есептеген. **Зоопатрия** - аң құстармен байланысты деп есептеу.

Діни нанымдар

Магия - тылсым күш арқылы бір нәрсеге сыйқырлы әсер ету әрекеті


Фетишизм - адамдардың белгілі бір материалды затқа ерекше қасиетті зат деп табынуы. Бойтұмар

Қола дәуірі кезеңдері


Кезеңдер	Уақыты	Мәдениеті	Ерекшелігі
Қола дәуірі	Б.з.б 2-1 мың жылдық	Андронов мәдениеті. Оны 1913 жылы Б. Грязновашты.	Батыс Қазақстанда 80 нен аса қоныс. Орталық Қазақстан 30 қоныс 150 қорым
Ерте қола	Б.з.б XVIII-XVI ғасыр	Нура кезеңі	Жерлеу орындары. Циста – Тастан жасалған тас сандық. Адамының денесі өртелген
Орта Қола	Б.з.б XV-XII ғасыр	Атасу кезеңі	Циста жоқ, үлкен қақпа тасатн салынған.
Соңғы қола	Б.з.б XII-VIII ғасыр	Беғазы – дәндібай	Үлкен гранит тастармен қаланған жерлеу орындары.

Темір дәуірі

Б.з.б VIII-Б.з VI



Палеолит, Энеолит, Қола кезеңіндегі Қазақстан



ЕҢ БЕЛГІЛІ ҚОНЫСТАР

- ерте палеолит қоныстары
- ▲ - кейінгі палеолит қоныстары
- ◆ - неолит дәуірінің қоныстары
- - мезолит дәуірі қоныстары
- мустье қоныстары
- ★ - энеолит дәуірінің қоныстары
- ▲ - қола дәуірінің қоныстары